

ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, III

Бетси Эркила: Элизабет Бишоп,
модернизм және солшылдар





Мақсаты: Элизабет Бишоптың шығармашылығына күтпеген ракурстан – авторлық шындықтағы тарихи, әлеуметтік және саяси сәттерді бейнелеу арқылы талдау жасау.

Тірек сөздер: солшылдар, модернизм, поэзия, Бразилия, нәсілшілдік.

Сіздермен бірге америкалық ғалымдар Джулия Ривкин мен Майкл Райанның «Әдебиет теориясы» атты антологиясымен таныстығымызды жалғастырамыз. Бұл дәрісте Бетси Эркилланың Элизабет Бишоптың шығармашылығына оның туындыларындағы модернистік үрдістер мен солшылдық көзқарастар тұрғысынан жасаған талдауын қарастырамыз.

Сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған эсседе Бетси Эркилла Э. Бишоптың шығармашылығын әдеби модернизм және америкалық, халықаралық «солшылдар» қозғалысымен байланыстыра отырып ашуға тырысады. Бишоп мифтік нарративті әдеби модернизмді, сондай-ақ, саяси нарративті америкалық «солшылдарды» қолдамағанына қарамастан, оның туындыларында 1930 жылдардағы әдеби және саяси радикализм көрініс берген. Ал талдау нысаны ретінде Бишоп туындыларын таңдаудың себебі – Элизабет Бишоптың шығармашылығы автордың ішкі, көпшілікке ашыла қоймайтын құпия әлемін бейнелейтін жеке тұлғалық қасиетке ие. Зерттеушілер Э. Бишопты жұмсақ, мейірімді, қиялшыл, сүйкімді ақын-қыз деп, ал өлеңдерінде тек байсалдылық пен тыныштық лебі сезіледі деп бағалайды. Замандастарының ішінде әйел-ақын бола тұрып, ол көргендерін жеңіл әрі жұмсақ тілмен жеткізген поэзия алыбы деп танылды.

Бишопқа арналған эпитеттер, оның шығармашылығына берілген бағалар – ақын поэзиясының азаматтығын білдіріп тұрмағандай көрінеді. Алайда Бишоптың жарияланған әрі жарияланып үлгермеген өлеңдерін мұқият оқыған адам бинаризм призмасы арқылы оның туындыларындағы проблематиканы көре алады: әдебиет пен саясат, формализм мен қоғамдық сана, модернизм мен солшылдық, жоғары мәдениет пен көпшілік мәдениет, субъективтілік пен объективтілік, жекелік пен мемлекеттілік, еркек пен әйел. Осы айтылғанның бәрі модернистік әдеби дәстүрді көрсетеді.

Ақынның шығармашылығында сол заманның бейнесі де суреттелген. Мұны автор ішкі түйсігі арқылы сезіне отырып, сипаттайды. Бетси Эркилланың айтуынша, бұлар – империализм, нәсілшілдік, экономикалық теңсіздік пен соғыс тақырыптары.

Ақынның «Таңғы ас кезіндегі ғажайып» өлеңінде 1930 жылдардағы Ұлы Күйзеліс суреттеледі. Бетси Эркилла Бишоптың институционалды және мәдени солшылдардың ықпалымен дамуы жолына ерекше назар аударады. 1930 жылдардағы етек жайған солшылдар рухынан алыстап, Бишоп 1960 жылдары АҚШ-тың әскери күштердің көмегімен басқа елдерді, айталық, Вьетнамды бағындыруға талпынысын сынға алып, келемеждеген «Жаңалықтардың он екі сағаты» атты өлеңін жазады. Өлеңді жазар алдында ақын америкалық «Қара пантералардан», радикалды афро-америкалық ұйымдардың өкілдерінен сұхбат алған екен.

Э. Бишоп Вассар колледжінде 30-жылдардың басында білім алып жүргенде У.Х. Оденнің сол қолымен жазу қабілетіне, поэзиядағы «таңғаларлық» техникалық шеберлігінің саяси маңызына тәнті болғанын еске алады. Э. Бишоп өзінің социалист, кей кездері анархист болғанын айта келе, сол кезеңнің саяси санасы мен жағдайын сипаттаудан бас тартқанын, Оденнің шығармашылығына емес, С.Т. Элиоттың, Уоллес Стивенстің саяси емес шығармашылығын үлгі еткенін айтады. Ол: «Өзгелер Джеймс Фаррел туралы сөз етіп жатқанда, мен С.Т. Элиотты қолдадым. Вассардағы жағдай «солшыл» сипатта еді, ал солшылдық сол кезеңде кең таралып жатқан-ды», – деп жазады.

Егер ол Элиотты Фаррелден қорғаған болса, Вассарда студент бола жүріп Фаррелдің таптық шиеленіс және «қызыл» революцияға жақындығы туралы көзқарастарына жақын мәселені көтерген «Содан кейін кедейлер келді» атты әңгімесін жазады. 1933 жылы «Con Spirito» атты эксперименталды журналда жарияланған Э. Бишоптың әңгімелерінде Жаңа Англияның бай отбасыларының бұзақылығы суреттеледі. Англияның бай отбасы мүшелері революциядан үш автокөлікке отырып, бар жаңа заттарын тиеп қашады, бірақ үйінде қызын ұмытып кетеді. Үйде қалып қойған қыз жұмысшы комбинезонын киіп алып, революцияға қатысқысы келіп кетеді. Сосын бірнеше жұмысшыларды қасына ертіп, үйіне оралады. Бұл жерде Э. Бишоп таптық күреске деген екіжақты көзқарасты суреттеген.



Э. Бишоп 30-жылдардың әлеуметтік санасымен байланысты өзекті поэзияда жазбағанымен, оның шығармашылығында сол кезеңдегі субъектінің дағдарысы, білімі, мүмкіндіктері ретінде «революциялық» қозғалыстар көрініс тапқан. Бишоптың ертеде жазылған өлеңдерінде («Салқын ауа», «Париж, 7» т.б.) Отызыншы жылдардағы өнер мен өмірдің, форма мен тарихтың пікірталасы бейнеленген. 1930 жылдардағы эстетика мен саясаттың байланысы туралы пікірсайыстарды күрделендіре отырып, Э. Бишоп кез келген өнер тарихтың құрамында қаралып отыратынын пайымдайды.

1930 жылдардағы күйзеліс

«Мен күйзеліс туралы жан-жақты біліп алғам, – деп жазады Э. Бишоп. – Менің отбасымда одан жапа шеккендер көп еді. Мен кедейлермен бірге тұрдым, сондықтан кедейлікті көзіммен көріп өстім». Ол кездері Э. Бишоп радикалды реалист немесе радикалды экспериментатор емес-ті, оның бірқатар өлеңдерінде дәстүрлі өлеңдер мен символикалық және сюрреалистік эстетика радикалды әлеуметтік және мәдени сын формасында қайта жандандырылған. 1934–1937 жылдардағы жеке дәптерінде Э. Бишоп терезеге қарап тұрып, жауып тұрған жауынды суреттейді. Жаңбырдың бір тамшысын «адамның жасқа тұнып тұрған бір ғана жанары» деп бейнелейді.

Байлар мен кедейлердің күйзеліс дәуіріндегі өткенмен, нанның қасиетімен және Исаның қанымен, романтикалық мифологиямен монархиялық және феодалды тәртіппен байланыстыра отырып, «Таңғы ас кезіндегі ғажайып» өлеңінде Бишоп береке туралы америкалық мифті ғана емес, Тәңірдің ісі немесе рухани-діни береке туралы мифті қатты сынға алады. Бұл туындысын Бишоп «Менің күйзеліс, аштық туралы өлеңдерім» деп атайды. Адамның, Тәңірдің, табиғаттың немесе Американың бақуатты өмірді қамтамасыз етуге қабілетсіздігі өлеңде сөздерді қайталау формалары арқылы бейнеленген. Бұндай қайталаулар таптық күрестің уақыт кеңістігінде ғұрыптық қайталанып отыратындығын, ғажайып қалыпты, феодалды немесе діни-рухани түрде жүзеге аса алмайтынын білдіреді.

«Солшылдар»

Э. Бишоптың Нью-Йорк зиялы қауымы және «Партизандық шолумен» қарым-қатынасы, негізінен, жайдары болған. Осы кезде оның туындыларының көбісі жазылады. 30-жылдардың аяғында оның радикализмі троцкистік көзқарастарды қамтыған жоқ. Троцкистік көзқарасты «Партизандық шолу» редакторлары ұстанған. 1936 жылғы хаттарының бірінде Э. Бишоп орыс марксистік сынын күн сайын оқып отырғанын, кез келген партиялық (солшыл, оңшыл немесе центристік) идеология доктринасына сенетінін, коммунизм мен халық майданынан Испанияға 1936 жылы сапары кезінде көңілі қалғанын жазады.

1937 жылы жарияланбаған «Мысыққа арналған бесік жыры» лирикасында ол идеалистік риторика мен америкалық «солшылдарға» деген утопиялық сенімді қатты сынға алады.

1938 жылы «Партизандық шолуда» Троцкийдің «Өнер және саясат» атты маңызды туындысымен бірге Э. Бишоптың 1930 жылдардағы өлеңдер жинағы жарық көреді. Сол кезде, «Партизандық шолу» редакторлары реализм мен пролетаризмге, Элиот, Джойс, Прустың т.б. модернистік канондарына бет алған тұста Э. Бишоп, керісінше, еуропацентристік эстетиканың әсеріне ұшырап, саналы әрі бейімді өнер туралы жазады.

1938 жылы ол Нью-Йорктегі әдеби өмірден алыстап, Флорида штатындағы Ки-Уэст деген жерден үй сатып алады. «Бұл кезде қала әбден тоналып біткен еді», – деп еске алады Бишоп. Ки-Уэстің нәсілдік аралас және экономикалық күйзелісті ландшафында Э. Бишоптың қоғамдық-саяси көзқарастары мен пікірлері қалыптасады. Себебі символикалық және сюрреалистік эстетикадан көпшілікке танымал формаларды эксперименталды түрде қолдана бастайды (балалар өлеңдері, бесік жырлары).

Тап мәселесін қарастырудың орнына, Э. Бишоп бүкіл назарын, Бетси Эркилланың айтуынша, Ки-Уэсттің әлеуметтік ландшафындағы қара нәсілділер, ақ нәсілділер мен латынаме-



риқандықтардың, қожайындар мен қызметшілердің, байлар мен кедейлердің өзара қарым-қатынасын суреттеуге аударды. Оны «Джеронимо үйінде», «Фаустина» өлеңдерінде көрсетеді. Э. Бишоптың Бразилия, Ки-Уэст туралы өлеңдерінде масштабтық орын алмасу және диалектикалық тұжырымдар бір-бірімен белсенді түрде біріккен.

Соғыс

1945 жылы Э. Бишоп Хоутон Миффлинге өзінің «Солтүстік – Оңтүстік» атты өлеңдерінің бірінші томы туралы жазады: «Бұл өлеңдердің ешбірі соғысқа қатысты емес. Алайда соғыс поэзиясы жиі жарияланып тұрған тұста, менің өлеңдерім қатты сынға алына ма деп қорқамын». Сондықтан, оның өлеңдерін жария ететін баспагерлерге «Бишоптың көп өлеңдері 1942 жылға дейін жазылған» – деген ескертпе жазып қоюды өтінеді.

Осындай ескертпеге қарамастан, өзінің Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында жарияланған өлеңдері сынға алынғанына қарамастан, Бишоп милитаризм мен зорлық, Ақырзаман мен жойылу тақырыптарын мынадай өлеңдерінде сипаттайды: «Флорида», «Кішігірім жаттығулар», «Балық». 1941 жылғы «Қораздар» өлеңі Екінші дүниежүзілік соғыстың ықпалында жазылғанын автордың өзі де мойындайды. «Бірінші бөлімде, – деп жазады 1940 жылы Бишоп, – мен Ки-Уэст туралы сөз еттім, сонымен қатар... Финляндия мен Норвегияның немістер басып алған кішігірім қалаларының аянышты күйі мен кедейлік лебі туралы жаздым». «Қораздар» – Екінші дүниежүзілік соғысты тұтандырып жіберген қатыгездік, билік пен колониалды басқыншылық туралы қысқаша естелік ретіндегі антиәскери поэма. Вирджиния Вульфтің «Үш данагөй» (1938 ж.), «Х.Д. Триология» (1944–1946) атты өлеңдері – соғыс, милитаризм, фашизм мен зорлық-зомбылыққа негізделген патриархалдық тәртіпке қарсылық болып саналды.

Нәсілшілдік мәселесі

30-жылдардың Э. Бишоптың қоғамдық-саяси көзқарастарына ықпалы әсіресе 1944 жылы жазылған «Түрлі-түсті әнші-қызға арналған әндер» атты өлеңінде байқалады. Бетси Эркилла осы өлең жазылған кезде Бишоп әйел тақырыбын лирикалық сипаттауды тәжірибеге айналдырып, «қара тіл», бесік жыры, көше әндері мен блюздік ритмдерді пайдалана бастағанын жазады. Автордың «Түрлі-түсті әнші-қызға арналған әндер» өлеңінде блюз-әйелдер туралы сөз етіледі. Бұл өлеңде Э. Бишоп «жекелік» пен «қоғамдықты» жеке әрі дискретті өрістер ретінде ажыратып көрсетеді.

Э. Бишоптың ерте кездері жазылған өлеңдерінде нәсілдік, таптық және гендерлік қатынастардың динамикасы көрінбейді. «Түрлі-түсті әнші-қызға арналған әндер» өлеңінде автор «қара нәсілді әйелдердің» материалды жағдайын сипаттап қоймай, қара нәсілділердің көз жасы мен қайғысын «қара революцияға» айналдыру керектігін әрі оның міндетті түрде орындалатынын жазады.

Таптық революцияның мүмкіндіктері жоқ екендігі туралы пессимистік болжамға қарамастан, автордың «Анаформа» және «Түрлі-түсті әнші-қызға арналған әндер» өлеңдері революция міндетті түрде жүзеге асатынын әрі оның басталуына тек таптық қақтығыстар ғана емес, нәсілдік күрестің «қара дәндері» де сеп болатынын суреттейді. «Алайда олар арман болуы үшін тым ақиқат қой» – деп, Э. Бишоп нәсілдік шиеленістің туындағанына күмән келтірмейді.

Бразилия

1951 жылы Э. Бишоп Бразилияға келіп, мұнда 16 жыл тұрақтап қалады. 1930 жылдардың радикалдары мен жазушылары, оның ішінде «Партизандық шолу» редакторлары да американизм идеологиясынан, жаңа сын мен суық соғыстан бас тартқандықтан, Э. Бишоп өзінің бразилиялық өлеңдерінде, Бетси Эркилланың талдауына сүйенсек, нәсілдік, таптық



және гендерлік идеологияны колониализм және колониалды басып алу тәртібімен байланысты қараған. 50–60 жылдары өлең жазған ақ нәсілді америкалық ақындардың ішінде осы фокус қолданылғанын Э. Бишоп та мойындайды. Поэзия шетелдік және символикалық құрылымды формализмнің ықпалына түскен кездері, ақындар өздерінің ішкі әлемі туралы сөз еткенде, Роберт Лоуэлл, Энн Секстон, Сильвия Плат, Джон Берриман т.б. өздерінің жүрекжарды өлеңдерін жариялаған кезде Э. Бишоп әрі постмодернистік, әрі постколониалды көзқарасты ұстанған.

Э. Бишоп «Бразилия» өлеңінде империализмді келемеждейді. Эдвард Саид қолданған «ориенталистер» терминін автор Солтүстік Американың орта тап ақ нәсілді әйелдерінің ым-ишараты деп біледі. Солтүстіктің Оңтүстік Америкаға колониалды қарым-қатынасын Э. Бишоп олардың мәдени кездесуінің саясаты мен проблематикасы ретінде суреттейді.

Э. Бишоп Бразилияға бұрынғы фашистік диктатор Варгас екінші рет президент болып сайланған кезде келеді. Алайда Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Варгас халық пен «солшылдардың» қарсылығына тап болды. Э. Бишоптың Бразилияға 50–60 жылдары келуі жылдам индустриализация мен модернизация, қарқынды инфляция кезеңімен және жерсіз, кедейленген, сауатсыз, ауыл тұрғындары мен феодалды жер иеленушілердің арасындағы күреспен тұспа-тұс келді.

Э. Бишоптың амбиваленттілігі, ауыл тұрғындарының жер иеленушілер мен шаруалар арасындағы қарым-қатынасындағы шиеленістер автордың «Мануэльзиньо» өлеңінде көрініс берген. Мұнда ақын «халықтық карнавалды юмордың шексіз әлемін» суреттейді. Бұл туралы М. Бахтин «Рабле және оның әлемі» еңбегінің кіріспесінде сөз еткен. Э. Бишоптың өздеріне жат рационалды дәстүрмен өмір сүргісі келмейтін адамдарға деген қызығушылығы «Өзенші» өлеңінде суреттеледі. Автор амазондық ауыл тұрғындары туралы, олардың ішкі рухани әлемі туралы, өмір мен өлім арасындағы тұрмысы туралы жазады.

Бишоптың Бразилияның саяси мәселелерін шешуге белсенді қатысқанына қарамастан, сыншылар оның еңбектерінің аполитті сипатын ерекше атайды. Томас Тревизано өзінің зерттеуінде Э. Бишоптың «Біртоға диктатордың өз-өзіне қол жұмсауы» өлеңі ақынның Варгастың 1954 жылы өз-өзіне қол жұмсауына берілген жауап болып саналатынын жазады. Зерттеушілер бұл өлеңді «саяси поэма» деп бағалаған.

Э. Бишоптың жарияланбаған бірнеше өлеңдеріне түсіндірме жасай отырып, ондағы құлдық («Кенішке қарай сапар»), кедейлік («Тауешкі»), сәбилердің өлімі («Сәби қоқыс жәшігінде табылды»), үкімет билігіндегі инфляция мен жемқорлық («Бразилия, 1959») мәселелерін талдай келе, Виктория Харрисон былай деп жазады: «Ирониямен, үмітпен, әжуамен және байсалдылықпен Э. Бишоп саяси күреске кіріп кетті. Бірақ автор бұл туралы не Бразилияда жүргенде, не АҚШ-та жүргенде жазбаған». Миллер ақынның «Бразилия, 1959» өлеңі, «Элизабет жаза алмаған, бірақ басқа ақындарға ұқсағысы келіп жазған туындысы» деп бағалайды.

Э. Бишоп Варгастың өз-өзіне қол жұмсауы, шахтадағы құлдық немесе Жуселино Кубичектің үкіметіндегі әлеуметтік жағдайлар туралы өлеңдер жазбағанын айтады, бірақ шындығында бұл тақырыптарға қалам тартқан. Э. Бишоп өз өлеңдерінде «Бразилияны саяси білім ортасы деп» бағаламағанын жазады.

Э. Бишоп басты назарды жергілікті, әлеуметтік және экономикалық қатынастарға әбден кіріккен саяси тәжірибелерге аударады. Ол Варгас, Кубичек туралы өлеңдерін жарыққа шығармаса да, осы тақырыптарға сай келетін «Вавилон дәрігерлерінің үйі» өлеңін, халықтық балладаларды жариялайды. «Вавилон дәрігерлерінің үйі» өлеңі индустриализация мен модернизацияның Бразилия халықтарына тигізген әлеуметтік әсерін, әскери қызметкерлердің «есерсоқ айғайларын» (бірін-бірі оңды-солды атқан), байлардың немқұрайлығы («бинокльге» қарап қана отыратын), кедейлік, әскери зорлық және қылмыс туралы сипаттайды. Бұл өлеңдердегі кеңістікті Элизабет Бишоп тарихи етіп емес, өлеңді-пейзаж түрінде бейнелейді. Елена Вендлер зерттеулерінде Э. Бишоптың «ішкі» ландшафтқа ерекше ден қойғаны туралы айтылады. Өзінің Э. Бишоптың шығармашылығы туралы жинағына жазған кіріспе сөзінде Ллойд Шварц пен П. Сибил Эстесс, осы жинаққа енген сыни эсселердің бәрі «Э. Бишоптың адамгершілік, психологиялық және эмоционалды стилімен біріктірілгенін» айтады.



Қаралардың күресі

Э. Бишоп 1966 жылы «1930 жылдардағы әлеуметтік мәселелер мен саясат» туралы көбірек сөз еткенін айтқанмен, 60-жылдардағы тарихи оқиғаларды мүлт жіберді деуге болмайды. Э. Бишоп «қара» революцияға қатысты. «Нью-Йорктік кітаптарға шолу» газеті үшін ол сұхбат береді. Сұхбаттан Э. Бишоптың модернизм мен солшылдар туралы ойы мүлдем байқалмайды.

Бұның әңгімелесу үшін қолайлы сәт болуы ықтимал, – дейді Бетси Эркилла, – себебі бізге Э. Бишоптың «Сол кезде кедейлер келді» әңгімесіндегі революциялық сәтті еске түсіреді. Бірақ бұл жолы автор қызыл емес, «қара» революция туралы жазып отыр. Бұл жерде 30-жылдар емес, 60-жылдар суреттелген, тақырыбы да – ескі «солшылдар» туралы емес, жаңа.

Э. Бишоп «қара» революцияның өкілі, «Қара пантера» партиясының құрметті мүшесі Кэтлин Кливерден ол және оның партиясы туралы мақала жазу немесе өлең жазу мақсатында сұхбат алады.

Сұхбат алынған кезде Кэтрин Кливер жасырынып жүрген-ді, себебі оның күйеуі Элдридж Кливер түрмеге жабылған еді. Бір деректерде бұл 30 беттік сұхбат болғаны, бірақ сол күйі жарияланбағаны айтылады. Сұхбат – мәдени диссонанстың сипаттамасы болатын: Кэтлин Кливер Элизабет Бишопты нәсілшілдік, колониализм және қара революция рухында «тәрбиелеуге» тырысады. Сұхбат К. Кливердің өткір, әжуа сөздеріне толы, оларға Бишоп тек «иә», «иә» деген қысқа сөздермен жауап беріп отырады.

Сұхбаттың нәтижесінде көптеген көзқарастардың ортақ екені анықталды. Екі әйел де, Бетси Эркилланың пайымдауынша, америкалық жүйенің – институционалды, білімдік, экономикалық, нәсілдік және саяси жүйелердің сәтсіздікке ұшырауын, әлеуметтік революция – оларға берілген оңтайлы жауап болғанына келіседі. Олар АҚШ-тағы «қара нәсілділер», «колонизация» атауларының шығу тәркіні, жалпы нәсілдер қалай пайда болғаны, Бразилиядағы кедейлік пен зомбылыққа экономика себеп болғаны туралы пікір алмасады. Э. Бишоп Бразилиядағы нәсілшілдік, құлдық және колониализм туралы сөз еткенде, католиктік шіркеу протестанттық шіркеуге қарағанда, құлдарға мейірімді көзбен қарағанын айтқанда, К. Кливер «Өтірік, екі шіркеу де құлдарға мейірімділік танытпаған» – деп, қарсылық білдіреді.

Э. Бишоптың Бразилияның құлдық республикасы Пальмарес туралы сипаттамасы былайша суреттелген: «Бразилияның солтүстігіндегі қашқын құлдар Португалия мен Голландияның біріккен күшіне 60 жылдан астам уақыт бойы қарсы тұра білді. Мен осы туралы кітап жазуға тырысып жүрмін... Бұл туралы екінің бірі біле бермейтіні рас». «Әрине, білмейді, – дейді бұған Кливер келісіп, – себебі «қара нәсілділер» туралы тарих үкіметтің билігінде болып, қажетіне қарай жойылып кеткен».

Өмірінің соңғы жылдарына қарай, 1979 жылы жарияланған «Сантарем» өлеңінде Э. Бишоп көне Сантарем қаласындағы Тапахоса мен Амазонка өзендерінің тоғысуының диалектикалық және символикалық мәні туралы жазады:

«Мұнда олар екеуі ғана бірігіп жатыр. Әдеби интерпретацияларға, айталық, өмір – өлім, дұрыс – бұрыс, еркек – әйел т.б. деген ынтықтық осы екі судың диалектикасында еріп кетер еді?!».

Э. Бишоптың 30-жылдардағы радикализмнің ықпалына түскен диалектикалық поэзиясы оның өмірінің соңына дейін жалғасын тауып келді. «Элизабет Бишоп мен Кэтлин Кливер – бір-біріне жақын емес», – деп есептейді Бетси Эркилла.

Элизабет Бишоп туралы эссесінде Бетси Эркилла Л. Троцкийдің «Өнер және саясат» еңбегінен мынадай эпиграф алып, жазады: «Өнердегі кез келген жаңа үрдістер революциядан басталған». Модернист бола тұра Элизабет Бишоп көзқарастары мен өмірлік ұстанымдарының «революцияға» ұшырауынан аман қала алды ма? Бұл сұрақ – риторикалық сұрақ болып табылары хақ.

Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

XX ғасырдағы қандай әлеуметтік, тарихи және саяси оқиғалар Элизабет Бишоптың шығармашылығында көрініс тапқан?



Кітап: Әдебиет теориясы: Антология, III

Дәріс: 25. Бетси Эрккила: Элизабет Бишоп, модернизм және солшылдар

Әдебиеттер:

1. Bishop Elizabeth. The Collected Prose. – New York: Farrar, 1984.
2. Bishop Elizabeth. The Complete Poems: 1927-1979. – New York: Farrar, 1983
3. Erkkila Betsy. The Wicked Sisters: Women Poets, Literary History, and Discord. – New York: Oxford University Press, 1992.
4. Harrison Victoria. Elizabeth Bishop's Poetics of Intimacy. – New York: Cambridge University Press, 1993.